

Бекітемін:

Мектеп директоры

Туркестанбаева А.А.

«05» қыркүйек 2022ж



Келісемін:

Тәрбие ісі меңгерушісі

Жунусова А.К.

«05» қыркүйек 2022ж

**«Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектеп» КММ-нің  
мектеп кітапханасының  
2022-2023 оқу жылында  
артқарылатын жұмыс жоспары**

## **2022 -2023 оқу жылына мектеп кітапханасының басты міндеттері.**

### **Мектеп кітапханасының негізгі мақсаты**

1. Мемлекеттік саясатты кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету арқылы іске асыру, оқырмандарға мемлекетпен кепілденген кітапханалық-ақпараттық ресурстармен еркін және тегін қолдану құқығымен қамтамасыз ету.
2. Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру, барлық деңгейдегі оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық кешенді ұйымдастыру, қауіпсіз және кедергісіз ақпаратқа, білімге, идеяға, мәдени мұраға қол жеткізуді қамтамасыз ету.
3. Азаматтық өзін-өзі тәрбиелеу, оқушыларға әлеуметтік қызмет көрсету, олардың шығармашылық қабілетін дамыту.
4. Оқушылардың жүйелі түрде оқуын ұйымдастыру.
5. Мәдениет қауымдастығындағы мәдени және тілдік топ өкілдерін бейімдеу және мәдени аралық диалогты дамытуға оқушылардың ұлттық, психология-физикалық ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, кітапхана жағдайында тұлғааралық қарым-қатынас жасауды, кітап оқуға байланысты ойын-сауық ұйымдастыру.
6. Кітапхананың жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру негізінде мәдени және тілдер түрлілігі аспектісінде қызмет көрсетуді жетілдіру, кітапханалық-ақпараттық үрдісті компьютерлеу, кітапханада ахуалдық жағдай орнату, мұғалімдер мен оқушыларды ақпараттық мәдениетке баулу.

### **Мектеп кітапханасының міндеттері.**

1. Оқушылар мен мұғалімдерге кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету, өз білімдерін жетілдіру жолымен оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз ету. Білім беру жобаларында оқушылар мен мұғалімдер қызметіне көмек көрсету.
2. Оқырмандарда тәуелсіз кітапханалық қолданушы дағдыларын қалыптастыру: кітап және басқа ақпараттарды қолдануды үйрету, ақпаратты сыни тұрғыдан бағауға, ізденуге үйрету.
3. Дәстүрлі және жаңа кітапхана технологияларын меңгеру мен жетілдіру.
4. Мұғалім, ата-ана, оқушыларға ақпарат алуға кеңес беру арқылы көмек көрсету.
5. Ақпаратты жинау мен өңдеу, қолданушы мәліметіне жеткізу.
6. Кітапханадағы ақпарат көздерімен сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу.

### **Оқырмандар құрамы:**

- 1-4 сынып оқушылары 537
- 5-9 сынып оқушылары 593
- 10-11 сынып оқушылары 98
- Мұғалімдер саны - 106
- Басқалар -32

Кітаппен қамтамасыз етілу пайыз

Р/с	Мерзімі	№	Жұмыс мазмұны	Жұмыстың түрі	Жауапты
1	Қыркүйек	1	Кітапхананың жұмыс жоспарын түзу	Атқарылатын жұмыстардың жылдық жоспарын құру	Кітапханашы
		2	Таратылған оқулықтар есебін жүргізу	Оқулықтарды сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне үлестіру	
		3	ҚР Білім заңына сәйкес оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілгендігін тексеріп шығу жұмыстары	Сынып жетекшілер
		4	Аудандық оқу бөліміне жетіспейтін оқулықтарға сұраныс беру	Сынып бойынша оқушылардың санын анықтап, сұраныс беру жұмыстары	Кітапханашылар
		5	Мектеп есебіне келіп түскен оқулықтарды номерлеп журналға тіркеу	Нөмірлеу, тіркеу жұмыстары	
		6	“Ұлт қуаты тілінде» Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл	Көрме Оқырмандарды таныстыру	
		7	«Отбасы – тәрбие бастауы»	5-6 сыныптар	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
2	Қазан	1	Жалпылама жұмыс	Қыркүйек айына қорытынды есеп беру	Кітапханашы
		2	«Өз оқулығымызды күте білеміз бе?»	Оқулықтардың ұсталуын тексеріп рейдке шығу	Кітапханашы Сынып жетекшілер
		3	«Қарты бар ел – қазыналы ел»	Ата-әжелермен кездесу	Кітапханашы Сынып жетекшілер
		4	«Оқып көрейік, бұл қызық!»	Мектеп оқушыларын кітап оқуға тарту	Кітапханашылар
		5	«Ең қызықты кітап» атты кітап беташарын ұйымдастыру «Оқырмандар күні»	Кітапханаға келуші оқырмандар тізімін тіркеу, оқырмандар формулярын құру	Кітапханашы
3	Қараша	1	Кітаптар тізімін номерлеу	Журналға тіркеу	Кітапханашы
		2	Кітапхана үшін заман талабына сай жабдықтау	Оқу залын кітап қорларымен толықтыру жұмыстары	Кітапханашы
		3	«Мен оқыған бір кітап» Сынып ата-аналарының арасында тәрбие сағаты	Кітап акциясы арқылы кітап қорын көбейту жұмыстары	Сынып жетекшілер Кітапханашы
		4	Кітапханаға келуші оқырмандардың тізімін тіркеу	Құжаттарды реттеу, толықтырулар жасау жұмыстыраы	Кітапханашы
4	Желтоқсан	1	Әдебиеттанушы, жазушы М.Әуезов «Абай жолы»	Кітап көрмесі, оқушылармен бірге шығармаларға тарихи шолу	Кітапханашы 8-10 сыныптар
		2	Мен де оқимын, сіз де оқыңыз!	Сынып аралық кітап оқу мәдениеті	Кітапханашы Сынып жетекшілер
		3	Базар жырау Өтемісұлының туғанына 180 жыл "Базар жырау мұрасы"	Мектеп оқырмандарымен тәрбие сағаты	Кітапханашы
		4	«Тәуелсіздік – орындаған армандар»	Кітап көрмесі 5-11 сыныптар	Кітапханашы
			Бағдарламаға сәйкес келмейтін оқулықтардың есебі	Ескі оқулықтарды қордан шығару жұмыстары	Кітапханашы
5	Қаңтар	1	«Әкем оқыған - кітап», «Анам оқыған - кітап»	Шығарма 1-8 сыныптар	Кітапханашы
		2	«Салауатты өмір сүрейік»	Дөңгелек үстел	Кітапханашы
		3	«Үздік сыйлық бұл - кітап»	Акция Жыл бойы	Мектеп мұғалімдері Сыныпжетекшілер Кітапханашы
		4	Балалар жазушы Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа»	Оқушылармен бірге кітап жасау	Кітапханашы

		5	«Өзің оқып, өзгеге ұсын»	Буккроссинг Жыл бойы	Кітапханашы
6	Ақпан	1	«Өз оқулығымызды күте білеміз бе?»	Рейдке шығу	Кітапханашы
		2	Қазақтың белгілі ақыны М.Мақатаевқа 92жыл (1931-1976)	М.Мақатаевтың өлендерімен таныстыру	Кітапханашы
		3	Ауған ақиқаты	Оқушылармен тарихи сабақ	Кітапханашы Тарих пән мұғалімдері
		4	«Менің кейіпкерім»	Шығарма оқу, мазмұндама жазу байқауы	Кітапханашы
7	Наурыз	1	Жалпылама жұмыс	Кітап қорын түгедеу	Кітапханашы
		2	Балалар кітабының апталығын өткізу	Кітап қорын кеңейту	Кітапханашы
		3	«8-наурыз Ана – өмірдің шуағы»	Ертеңгілік	Кітапханашы
		4	«Ғарышқа сапар» Қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіровтың туғанына 76 жыл және ғарышқа ұшқанына 31 жыл	Әңгіме Бастауыш сыныптар	Кітапханашы
		5	22-наурыз Наурыз- жыл басы	Мектеп оқушыларымен Ұлттық ойындар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
8	Сәуір	1	Рухани байлық ұясы –кітапхана	апталық	Кітапханашы
		2	Халықаралық балалар кітап күні Интеллектуалды сайыс	пікірсайыс	Кітапханашы
		3	Жаманнан жирен, жақсыдан үйрен	Тәрб.сағ	Кітапханашы
		4	«Ең ғажап ертегі»	Бастауыш сыныптар арасында Кітап көрмесі	Кітапханашы
		5	«Кітап оқитын отбасы – ғасыр үлгісі»	Отбасылық марафон	Мектеп әкімшілігі, кітапханашы, сынып жетекші
		6	Апталықты қорытындылау	Анықтама	Кітапханашы
9	Мамыр	1	Көп ұлтты Қазақстан “	Биб.шолу	Кітапханашы
		2	Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіске	Көрме	Кітапханашы
		3	Оқулыққа сұраныс жасау	Үнемі	Кітапханашы
		4	Жылдық жұмыстың қорытындысын дайындау	Анықтама	Кітапханашы
		5	Ең үздік оқырман	Жылдың үздік оқырмандарын марапаттау	Кітапханашы

Кітапхана меңгерушісі:  
Кітапханашы:



Накипова Н.М.  
Сатбаева Г.Я